

**Медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу жөніндегі тендер туралы
№6 ХАБАРЛАНДЫРУ**

Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай облыстық ЖИТС алдын алу және онымен күресу жөніндегі орталығы» КМҚК-ны тендер амалымен келесі тауарларды сатып алу жөнінде хабарлайды:

1. С гепатиті вирусына антиденелерді сапалы анықтау үшін арналған иммуноферменттік тест-жүйе. – 4 жинақ, сомасы 707 120 теңге
2. *Treponema Pallidum* жиынтық антиденелерді растау және анықтау үшін тест –жүйе. 96 анықт. – 16 жинақ, сомасы 1 304 000 теңге
3. Адамның иммун тапшылығы вирусынан және жыныстық жолмен берілетін инфекциялардан сақтанудың жеке бір реттік құралы – 30500 дана, сомасы 1 494 500 теңге
4. Көлемі 10 мл, 21-23G, инесі бар үш компонентті бір жолғы қолдану үшін инъекциялық шприці– 11000 дана, сомасы 198 000 теңге
5. Гибридизациялық-флуоресцентті детекциясы бар полимераздық тізбектік реакциямен клиникалық материалда адамның иммун тапшылығы вирусының 1 типті (АИТВ-1) РНҚ-н сандық анықтау үшін реагенттер жинағы (48 анықт.) – 7 жинақ, сомасы 2 240 000 теңге

Сатып алынатын тауарлардың толық тізімі, олардың саны және толық ерекшелігі тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тауар жеткізілуі тиіс: Қостанай қ., 1 Май көш., 151 үй, 7 корпус.

Жеткізуге талап етілетін мерзім: Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, осы тендерлік құжаттамаға №1 қосымшаға сәйкес.

Тендерге «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекті көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтер көрсетуді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы №1729 қаулысына өзгерістер енгізу туралы...» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 8 қарашадағы №719 Қаулысының **3 және 4 тармағында** көрсетілген біліктілік талаптарға сай келетін барлық әлеуетті өнім берушілер жіберіледі.

Медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу жөніндегі құжаттама пакетін 2019 жылы «10» маусым сағат 17-00 ге дейін Қостанай қ., 1 Май көш., 151 үй, 7 корпус мекенжайы бойынша бухгалтериядан күн сайын (демалыс және мереке күндерден басқа) сағат 9-00-ден сағат 17-00-ге дейін kst_oc_aids@med.mail.kz электрондық поштасы немесе www.aidskst.kz веб-сайты арқылы алуға болады.

Өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2019 жыл «11» маусым сағат 10-00-ге дейін.

Өтінімдер салынған конверттер 2019 жылы «11» маусым сағат 11-00-де Қостанай қ., 1 Май көш., 151 үй, 7 корпус мекенжайы бойынша Бас дәрігердің кабинетінде ашылатын болады. Әлеуетті өнім берушілер конверттерді ашу кезінде қатысуына болады.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: 8(7142) 37-06-04.



Handwritten signature: *Leeburg*